

Қыздарға арналған Еуропалық математикалық олимпиада (EGMO) ережелері

1. Жалпы ереже

- 1.1. Қыздарға арналған Еуропалық математикалық олимпиада (EGMO) күнтізбелік жылда бір рет өткізіледі.
- 1.2. EGMO осы Ережемен реттеледі.
- 1.3. EGMO жыл сайынғы регламентте көрсетілген мерзімдерде және еуропалық елде (қабылдаушы ел) өткізіледі. Өткізу мерзімі сәуір айы.
- 1.4. Жыл сайынғы регламентте көрсетілген қабылдаушы ұйым EGMO ұйымдастыру үшін толық жауапты болады. Қабылдаушы ұйым EGMO іс-шараларының EGMO мақсаттарына және адал ойын рухындағы бәсекелестікке сәйкес келуін қамтамасыз етуге жауапты болады. Қабылдаушы ұйым жыл сайынғы регламентте көрсетілген EGMO өткізу мерзімін ұзартуға құқылы.
- 1.5. EGMO мақсаты – көптеген қыздарға халықаралық аренада математикамен айналысуға мүмкіндік беру, осылайша барлық Еуропа елдеріндегі математикалық дарынды жас қыздарды ашу, ынталандыру және шақыру.

2. EGMO-ға қатысу тәртібі

- 2.1. EGMO-ға қатысуға тек шақыру бойынша ғана жол беріледі. Әрбір шақырылған ел төрт қатысушыдан, команда өкілі мен команда өкілінің орынбасарынан тұратын команда жіберуге құқылы. Еуропалық емес елдердің командаларының қатысуы үшін жыл сайынғы Регламентте көрсетілген жарналар алынуы мүмкін. EGMO-ға қатысуға шақыру EGMO немесе қабылдаушы ел тарапынан қандай да бір саяси тануды білдірмейді. Қабылдаушы ел осы елден қосымша команданы немесе командаларды EGMO-ға қатысуға шақыра алады. Қосымша командалар Еуропадан емес қонақтар командаларымен бірдей мәртебеге ие.
- 2.2. Конкурсанттар өздері ұсынатын елдің азаматтары немесе резиденттері болуға тиіс және ұлттық математикалық олимпиаданың немесе баламалы іріктеу бағдарламасының қорытындылары бойынша іріктелу керек. Қатысушылардың жасы EGMO өткізу жылының 1 сәуіріне 20 жастан аспауға тиіс. Қатысушылар жалпы орта білім беретін мектептің оқушылары болуға тиіс.

Ерекше жағдайларда EGMO Консультативтік кеңесі сұрау бойынша белгілі бір елдер үшін осы ережелерден тыс ұсыныстарды мақұлдауы мүмкін. Осы ұсыныстар туралы ақпарат басқа қатысушы елдерге қолжетімді болуы керек.

- 2.3. Байқаушылар, оның ішінде отбасы мүшелері қатысушылармен бірге еріп жүруге өтінім бере алады. Байқаушылар келесі санаттарға бөлінеді: А санатындағы байқаушылар – бұл команда өкілдері; В санатындағы байқаушылар – команда өкілдерінің көмекшілері (орынбасарлары); С санатындағы байқаушылар – қатысушылармен бірге еріп жүрушілер (ата-

аналар, қамқоршылар, жақын туыстар). Жыл сайынғы регламент байқаушылардың ЕГМО-ға бару құқықтарын, жарналар сомасын және жарналарды төлеу мерзімдерін айқындайды. С санатындағы бақылаушылар үшін орналастыру шектеулі және олардың өтінімдері мақұлданынына кепілдік жоқ.

2.4. Қатысушылар әйел болуы керек. Жыл сайынғы регламентте С санатындағы бақылаушылар да әйел өкілдері болуы керек деген талап бар.

2.5. Ресми бағдарлама – бұл ЕГМО және онымен байланысты іс-шараларға арналған бағдарлама мен маршрут жоспары. Қабылдаушы ұйым ресми бағдарламаны толық немесе ішінара өзгерту немесе қайта қарау құқығын өзіне қалдырады. Егер өзгерістер енгізу қажеттігі туындаса, қатысушылар мен байқаушылар бұл туралы хабардар етілуге тиіс. Ресми бағдарлама қатысушылар мен байқаушылар үшін орналастыру (тамақтануды қоса алғанда) туралы, сондай-ақ ЕГМО-ға байланысты түрлі ресми іс-шаралар өткізілетін орындар туралы толық ақпаратты қамтиды. Ресми бағдарламаның егжей-тегжейлілігі қатысушылар келгенге дейін жария етілмейді.

2.6. Әрбір шақырылған ел өзінің қатысуын шақыруда көрсетілген тәсілмен және күнге растауға тиіс. Қатысушылар мен бақылаушылардың деректері жыл сайынғы Регламентте көрсетілген мерзімде тіркелуге тиіс.

2.7. Команда өкілдері мен олардың орынбасарлары қатысушылардың тәртібі үшін жауап береді. Өкілдер мен өкілдердің орынбасарлары олардың қатысушылары конкурс ережелерін білетініне және толық түсінетініне көз жеткізуге тиіс. Олар сонымен қатар әр қатысушыға ережелерді бұзу ЕГМО-дан шеттетуге әкелетінін жеткізуге міндетті.

3. Шығындар үшін жауапкершілік

3.1. Ресми келу және кету орындары жыл сайынғы регламентте көрсетіледі.

3.2. Қабылдаушы ұйым қатысушылар мен бақылаушылардың, оның ішінде тұру, тамақтану, ресми келу және кету орындары мен орналасу орындары арасындағы көліктің барлық ресми шығындарын өтейді.

3.3. Қабылдаушы ұйым:

- жыл сайынғы Ережеде көрсетілген кезеңнен тыс елде қосымша күндер;
- қатысушылардың немесе бақылаушылардың орналасу еліне бару мен қайту жолдары;
- қабылдаушы елге келгенге дейін немесе одан кеткеннен кейін қабылдаушы ел бойынша саяхат үшін шығындарға жауап бермейді.

3.4. Қабылдаушы ұйым қатысушылар мен бақылаушыларға экскурсиялар және/немесе мәдени сапарлар ұсына алады, бірақ аталған іс-шараларды ұйымдастыруға міндетті емес.

4. ЕГМО үшін тапсырмалар

4.1. Қабылдаушы елден басқа әрбір қатысушы ел жыл сайынғы регламентте көрсетілген күннен кешіктірмей Тапсырмаларды іріктеу жөніндегі комитетке шешімдерімен бірге алты тапсырма береді.

4.2. Тапсырмалар университетке дейінгі математиканың әртүрлі салаларын қамтуы және күрделіліктің әртүрлі деңгейінде болуы керек. Бұрын басқа математикалық жарыстарда шешілген есептерге жол берілмейді.

4.3. Есептер мен олардың шешімдері ағылшын тілінде ресімделуге тиіс.

4.4. Іріктеу комиссиясы келіп түскен ұсыныстар негізінде конкурстық тапсырмаларды іріктейді.

5. Конкурс туралы ереже

5.1. EGMO конкурстық элементі («Конкурс») жыл сайынғы Регламентте көрсетілген екі күн ішінде Ұйымдастырушы ұйым тағайындаған Бас бақылаушының басшылығымен өткізіледі. Байқаудың әр күні турнир таңертең басталып, төрт жарым сағатқа созылады. Екі емтихан жұмысының әрқайсысы үш тапсырмадан тұрады.

5.2. Әрбір қатысушы тапсырманың мәтінін бір немесе тіркеу кезінде сұрауды алдын ала ресімдеп және қазылар алқасы тиісті аударманы мақұлдаған жағдайда екі тілде алуға құқылы.

5.3. Әрбір қатысушы есептерді жеке шешеді және шешімдерді өз ана тілінде ұсынады. Шешімдер қабылдаушы ұйым ұсынатын жауап нысандарында жазылуға тиіс.

5.4. Байқауда сызғыштар мен циркуль сияқты жазу және сурет салу керек-жарақтарын пайдалануға рұқсат етіледі. Конкурс өткізілетін бөлмеге кітаптар, қағаздар, кестелер, калькуляторлар, транспортірлер, компьютерлер мен байланыс құрылғылары жіберілмейді.

5.5. Қазылар алқасы, бақылаушылар және есептер мен олардың шешімдері туралы ақпаратқа ие басқа адамдар қатысушыларға ақпараттың таралуын болдырмау үшін барлық шараларды қабылдауға тиіс. Олар ақпараттың (тапсырмалар және олардың шешімдері) құпиялылығына кепілдік береді. Әрбір конкурстық күнінің тапсырмаларын қазылар алқасына ұсыну арасындағы кезеңде қатысушыларға, өкілдердің орынбасарларына және В және С санатындағы байқаушыларға қазылар алқасы мүшелерінің қатысуымен кез келген математикалық коучингтерге қатысуға тыйым салынады.

5.6. Жұлделердің жалпы санын (бірінші, екінші және үшінші) қазылар алқасы мақұлдайды және жұлделер саны қатысушылардың жалпы санының жартысына тең болуы керек. Бірінші, екінші және үшінші жұлделердің саны 1: 2: 3 қатынасына ие.

5.7. Қазылар алқасы есептің шешімі ерекше деп таныған қатысушыларға арнайы сыйлықтар беріледі.

5.8. Осындай арнайы жұлделер туралы ұсыныстарды қабылдаушы ұйым тағайындайтын Бас үйлестіруші ұсынады.

5.9. Сыйлықтар EGMO жабылу салтанатында тапсырылады. Бірінші, екінші немесе үшінші орын алмаған әрбір қатысушы, егер ол бір есепті шешу үшін кем дегенде жеті балл жинаса, құрметті ескерту сертификатын алады.

5.10. Әрбір қатысушы мен бақылаушы қатысу туралы сертификат алады.

6. Қазылар алқасы туралы регламент

6.1. Қазылар алқасының құрамына барлық команда өкілдері мен төраға кіреді. Шұғыл жағдайларда команда өкілі өкілдің орынбасарымен (қазылар алқасы төрағасының алдын ала мақұлдауы және келісімі болған жағдайда) ауыстырылуы мүмкін. А санатындағы байқаушылар, Тапсырмаларды іріктеу комитетінің мүшелері және үйлестірушілер (7-тармақты қараңыз) қазылар алқасының отырыстарына байқаушы ретінде қатыса алады. Бақылаушылардың сөз сөйлеуге немесе дауыс беруге құқығы жоқ.

6.2. Қазылар алқасының шешімдерінде дауыс беруге тек ресми еуропалық командалардың өкілдері ғана құқылы және бір өкілдің бір дауысы болады. Шешім көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда қазылар алқасының төрағасы шешуші дауысқа ие болады.

6.3. Қазылар алқасы нақты мәселелерді қарау үшін кіші комитеттерді тағайындай алады.

6.4. Қазылар алқасының отырыстары ағылшын тілінде өтеді.

6.5. Қазылар алқасы Іріктеу жөніндегі комиссия таңдаған конкурс үшін тапсырмаларды және олардың барлық талап етілетін тілдерге аудармаларын бекітеді.

6.6. Қазылар алқасы әр тапсырма бойынша баға қою схемасын бекітеді. Схемалар бойынша бастапқы ұсыныстар бас үйлестірушінің басшылығымен дайындалады.

6.7. Байқаудың әр күні қазылар алқасы қатысушылардың жазбаша сұрақтарын бірінші жарты сағат ішінде қарайды және олар бойынша шешім қабылдайды.

6.8. Байқаудан кейін қазылар алқасы:

- бас инспектордың тексеру туралы есебін қабылдайды және бекітеді;
- үйлестіру кезінде туындауы мүмкін кез келген реттелмеген даулар туралы Бас үйлестірушіден есеп алады;
- барлық қатысушылардың бағаларын бекітеді;
- бірінші, екінші және үшінші орын иелерін анықтайды;
- арнайы жүлделерді беру туралы барлық ұсыныстарды қарастырады және олар бойынша шешім қабылдайды;
- ЕГМО туралы келіп түскен сұрақтарды қарайды.

6.9. Ережені бұзу бойынша кез келген күдікті қазылар алқасының төрағасына хабарлау керек. Егер сенімді дәлелдеме болған жағдайда, қазылар алқасының төрағасы одан әрі тексеріс жүргізу үшін комитет құруға бастамашылық жасайды. Тексеріс нәтижесі бойынша комиссия өз қорытындылары туралы қазылар алқасына баяндайды, ал қазылар алқасы бұзушылық үшін жауаптылық туралы шешім қабылдайды. Бұл жеке қатысушыны немесе бүкіл команданы жарыстан шеттету болу мүмкін. Қазылар алқасының шешімі соңғы болып табылады.

7. Үйлестіру

7.1. Үйлестіру – бұл әр қатысушының ресми ұпайлары біркелкі, әділ және мөлдір түрде анықталатын үдеріс. Әрбір елдің өкілдері өз қатысушыларының

құжаттарын қабылдаушы ұйым ұсынған үйлестіру тобына ұсынуға тиіс. Үйлестіру тобы бас үйлестірушіден, әрбір тапсырма бойынша басшыдан және үйлестірушілер тобынан тұрады.

7.2. Әр есепті шешу үшін қатысушы жеті ұпайдан бүтін ұпай алады.

7.3. Қатысушылардың әрбір шешімін топ өкілі, сондай-ақ баға қою схемаларына сәйкес үйлестірушілер бағалайды.

7.4. Әрбір үйлестіру отырысына қабылдаушы ұйым ұсынған екі үйлестіруші және тиісті елдің өкілдері қатысады. Команда өкілі мен оның орынбасарына кез-келген отырысқа белсенді қатысуға рұқсат етіледі. Үйлестірушілердің мақұлдауымен үйлестіру үдерісін бақылау үшін тағы бір өкіл қатыса алады, бірақ оған белсенді қатыса алмайды.

7.5. Команда өкілдері мен тағайындалған үйлестірушілер әр қатысушы үшін бағаларды келісуге тиіс. Бұл балдар ресми нысандарға енгізіледі және команда өкілдері мен үйлестірушілер қол қояды. Егер команда өкілі мен үйлестірушілер қатысушыны бағалау туралы бірыңғай келісімге қол жеткізбесе, мәселе алдымен нақты тапсырма бойынша басшыға беріледі. Егер бұл жағдайда да келісім болмаса, мәселе бас үйлестірушіге беріледі. Егер бас үйлестіруші де қатысушының бағасын команда өкілімен келісе алмаса, онда мәселе қазылар алқасына бас үйлестірушінің баға қандай болға тиіс екендігіне қатысты ұсынысымен беріледі. Содан кейін қазылар алқасы бағаны анықтайды.

7.6. Егер үйлестіру сессиясы кезінде тағайындалған үйлестірушілер бұзушылық орын алған деп есептесе, мәселе бірден бас үйлестірушіге беріледі. Егер бас үйлестіруші өз шешіміне күмән келтірсе, ол бұл туралы қазылар алқасының төрағасына хабарлайды.

8. Толық келісім және түсіністік

8.1. Қатысушылар мен байқаушылар осы Қағидалар мен аталған құжаттар олардың тараптарының толық келісімі мен түсінігін білдіретінін мойындайды және қабылдаушы ұйым немесе қабылдаушы ұйымның атынан EGMO-ға қатысты жасалған алдыңғы талқылауларды немесе ұсыныстарды алмастырады.